

«Адам басының гипстен жасалынған моделінің суретін орындау барысына әдістемелік нұсқаулар»

Бейнелеу өнерінің кез-келген бастапқы кәсіптік білім беру жүйесі ең алдымен оқушыға құрал-жабдықтарды орынды және тиімді етіп қолдана білуді, жалпы заңдылықтарды, туындыны орындау барысында қолданатын әдіс-тәсілдерді үйретеді және біртіндеп ілгері жылжыған сайын сабақтың мақсатына сай тапсырмаларда күрделене түседі. Біртіндеп тапсырманы күрделі ету арқасында білім алушы, суретші ретінде үлкен жетістіктерге қол жеткізу мүмкіндігіне ие болады. Әрине ол үшін қажымай еңбек ету қажет, шеберлікті шыңдау барысында күнделікті, қолдан қарандаш пен қағаз түспеуін қадағалаған жөн. Бейнелеу өнерінің ішінде біздің қарастыратын пәніміз сурет, оның ішінде гипстен жасалынған адам басының моделінің суретін орындау жолдарын қарастыру және адам басының суретін салудың қыр-сырына көз жүгірту. Сурет бойынша тәжірибе жинау қызықты және күрделі үрдіс, ол адамның бойындағы байқампаздық, көргенді есте сақтау, көлемді сезіне білу сияқты қасиеттерді дамытумен байланысты. Суреті салу әдіс-тәсілдерін үйрену жолдары жоғарыда айтылған қасиеттермен бірге, табандылықты, еңбекқорлықты, қажымас қайратты талап етеді.

Сабақтың тиімділігі текқана ұстаздың шеберлігіне, оның әдістемелік ізденіс жолдарына, сыныптың талаптарға сай жабдықталуына, көрнекіліктің болуына ғана байланысты емес, сонымен қатар, оқушының ішкі жан дүниесінің дайын болуы, оның қабілетінің деңгейі, сабаққа деген ынтасы және алдына мақсат қоя білуінде.

Алғашқы кезде кездесетін қиындықтарды жеңуге негізінен суретке деген құштарлық, пәнге деген махаббат, өнермен қауышу қуанышы, бірінші жетістіктер үшін мақтаныш көмектеседі. Суретшінің қабылдау қабілеті, заттың пішінін, реңін, өңін еске түсіру арқылы толық кейіпін қалыптастыра білуінде. Көркем қабылдау қабілеттілігі, пішіннің құрылысын сараптай білу, синтездей білуден тұрады, оның пропорциалық, көлем жазықтықтарының бір-бірімен жіктесу жүйесін, реңдік қатынастарын анықтап қана қоймай, оны дұрыс бағалай білуінде, яғни қырағылықты таныту десек қателеспейміз.

Қоршаған орта, табиғат аясы көркем қабылдау сезімталдығын тереңдететін, білімнің орайын кеңейтетін, керек десеніз, суретшінің қиял палитрасын байытатын біздің түрлі құбылыстарды бақылау көзі ғана емес, сонымен қатар, эстетикалық және адамгершілікке тәрбиелейтін зор фактор.

Бейнелеу өнерін кәсіптік деңгейде қарастыру шарттарының бірі - ол назарды жалпыдан жалқыға және керсінше жалқыдан жалпыға аудара білуде. Нұсқадан сурет салу үрдісіне бұл тұрғыдан қарау, жас суретшілердің бойында қарапайымнан күрделіге көшу логикасын қалыптастырады және жеңіл тапсырмадан бастап тапсырма шиеленесе түскен жағдайда да жас суретшінің негізге сай логикалық жолмен нәтижеге қол жеткізуіне өз септігін тигізеді.

Бірден жақсы суретке қол жеткізе алмаса, оған кейудің қажеті жоқ. Керсінше, қайраттанып құлшыныспен және ынтамен жіберген қателерінді түзетуге, жаңа белестерді бағындыруға талпынған жөн.

Жиі кездесетін қателер олар композиция заңдылықтарын дұрыс сақтамау, пропорциалық қатынастар дәлдігіндегі қате, реңдік қатынастың сәйкессіз болуы, перспективаның қателері, т.б.с.с. бұндай жағдайларда тиімдісі - қателерді мүлде жібермеуде емес, қателерді түзете білуде және қайталамауға тырыса білуінде. Өз күшіңе деген сенімділікке ие болу оңай емес, шеберлікті арттыру үшін шыдамдылықпен табандылықты танытқан жөн және бар жан тәніңмен еңбек ету қажет. Ең маңызды шарттардың бірі - ол жұмысты сараптай білу. Өз күшіңнің деңгейін дұрыс анықтай білу, мүмкіндіктеріңді асыра бағалау делетанттыққа апарып соғуы мүмкін. Әдетінде делетант шығармашылық жетістіктерге қол жеткізгісі келеді, бірақ еңбек етпейді.?

Пианинода немесе скрипкада ойнайтын адамның қолын шапшаңдыққа, икемділікке жаттықтыру қаншалықты маңызды болса, суретшіге де қолмен көзді жаттықтыру соншалықты маңызды, сонымен қатар, суретші кеңістікте елестете білу қабілетін де дамыту өте маңызды.

Бұл әдістемелік нұсқау Сократтың бас моделінің негізінде адам басының гипстен жасалынған моделінің суретін орындау жолдары, әдіс-тәсілдерімен толығырақ таныстыру. Сонымен қатар, жалпы сурет салуға арналған құрал-жабдықтармен танысу, оларды тиімді пайдалану жолдары. Жалпы адам басының суретін салу үшін қажетті білмідер жинағы.



1. Сурет салу жабдықтары және олармен жұмыс

Ең алдымен күрделі тақырыпқа көшпестен бұрын өтілген тақырыптардың кейбіреулеріне шолу жасау қажет.

Суретшілер суретті ойдағыдай етіп салу үшін алуан түрлі материалдар мен жабдықтарды пайдаланады.

Қандай да болмасын нақты суретпен жұмыс, нұсқадан қарап салудан, оның пластикалық қасиетін оқып білуден басталады.

Нақты бейненің ерекшелігіне байланысты сурет қарындашпен, қалам, көмір немесе қылқаламмен салынуы мүмкін.

Әрине, ең көп қолданылатын құрал – кәдімгі графиттік қарындаш.

Олар қатты-жұмсақтығына байланыстымынадай түрлерге бөлінеді: 6Т, 5Т, 4Т, 3Т, 2Т, Т, ТМ, М, М2, М3 М6, орысша, латын тілінде келесі белгілермен белгіленеді: 6Н,Н, НВ, 2В, 3В-8В.




Қарындаштың қатты түрлері сызба жұмыстарын жүргізгенде пайдаланылады, ең басты қасиеті - қағазды кірлетпейді, кейде ұзақ мерзімді сурет барысында да қолданылады. Ондай суреттер өзінің жеңілдігімен, тазалығымен өзгешеленеді. Орташа жұмсақ қарындаштар нағыз әмбебап түрі десек болады. Бұндай қарындашпен

графикалық жұмыстың барлығын да істеуге болыпта қалатын шығар. Негізінен түрлі мерзімде орындалатын суреттерде кеңінен қолданылады. Әсіресе, пішінді модельдеуде таптырмайтын құрал.

Жұмсақ қарындаштар негізінен қысқа мерзімде орындалатын долбар немесе нобай суреттерге арналған және эскиз жасағанда да өте қолайлы. Қарындаштың ұшы 7-11 мм құрағаны дұрыс және әрқашан үшкір болуы қажет.


Тым қысқа қарындашпен сурет салу өте ыңғайсыз, сондықтан үнемі ұзын қарындаш немесе арнайы түтікшеге қысқа қарындашты жалғау арқылы ұзартып пайдаланған жөн.



Сурет салу үшін негізінен ватман немесе жартылай ватман қағазы қолданылады. Тым жұмсақ, жылтыр немесе жұқа қағаздар қарындашпен сурет салуға мүлдем жарамайды, керсінше, жылтыр қағазға тушьпен немесе фломастермен, гель қаламымен жұмыс істеу ыңғайлы, ал бедерлі, жұқа немесе жұмсақ қағаздарға жұмсақ материалдар: көмір, сангина, соуспен жұмыс істеген қолайлы. Суретке арналған өшіргіштің түсі негізінен ақ немесе сұр болады, кейде басқа түсті де болуы мүмкін. Жалпы сурет салу техникасына, өшіргіштің жұмсақтығы сай болғаны жөн. Нобай орындауға арналған блокнот (скечбук) жас суретшіге әсіресе қажет-ақ. Өйткені, ол әр-қашан нобай жасау арқылы жаттығуы керек.

1.1. Планшетті керу Суретті салу ыңғайлы болуы үшін суретшілер планшет тақтайшасын пайдаланады. Олар әр-түрлі форматта болады, жиі қолданатын 40x50, 50x60, 55x75 форматтар. Қағазды бір немесе екі жағынан сулайды, содан соң жазықтық үстіне төсеп, оның үстіне планшет жатқызамыз, біртіндеп қарама-қарсы етіп, планшеттің жақтауына немесе арғы бетіне қағаз шетін қайыра жапсырып отырып кнопкамен бекітеміз. Бұрыштарын бүктегенде тік және ұқыпты болып шығуын қадағалау қажет. Физикадан білеміз, қағаз бойына ылғал сіңіргенде көлемі ұлғаяды, бойындағы су буланып қағаз кепкенде, қайта кішірейеді, сондықтан қағазды планшетке керу кезінде ылғалдың тез кеуіп кетпегенін байқау керек. Қағаз кебу үрдісі біркелкі болу үшін планшетті бөлме температурасында жазық жерге горизонталь жағдайында орналастырады. Кейбір оқушылар планшетті тез кептіру үшін оны тым жылы электржылытқыш немесе жылу құбырының қасына қойып кептіреді. Бұндай жағдайларда қағаз жыртылып кетуі мүмкін немесе кепкеннен кейін бөлме температурасында бойына сәл бөлме ылғалдылығының мөлшеріндегідей ылғалдың қайтуына байланысты планшетке тартылған қағаз босап қалады.

Планшетті мольберттің үстіне қойып жұмыс істейді.



1.2 Мольберт (станок) - тұғыр деп атасада болады. Кең тараған түрлері - ол түрегеп тұрып және үлкен көлемді жұмыстарға арналған екі тағанды негізінен кескіндемеге арналған тік мольберт, үштағанды және төрттағанды бұлар негізінен сурет, кескіндеме, графиканық кейбір басқада түрлеріне арналған. Отырып сурет салуға арналған мольберт және түрегеп тұрып салуға арналған үлкен мольберт түрлері болады.



1.3 Жұмсақ материалдар:



Көмір -таяқшаларын ағаштын жіңішке бұтақтарын отқа күйдіру арқылы алады. Ол үшін темір қалбырға балшыққа шыланған шыбықтарды қалбыр бетімен теңестіріп кесіп, от күйдіреді. Жоғары температураның және балшықтың арқасында шыбықтар

біркелкі болып күйеді. Келесі ретте оны қалбырдан босатып, суытып пайдалануға болады. Көмірдің ұнтақтан престеліп жасалынған түріде болады. Көмір өте қою және терең қара рең береді. Көмірмен шаймен өңделген немесе нейтральді түсті қағаз бетіне сурет салған дұрыс. Бұдырланған қағаз бетіне көмір жақсы бекиді және жеңіл, көлемді болып қабылданады. Қосымша жарық рең градациясын көрсету үшін кейде ақ бор, ақ түсті гуашьты суреттің ең жарық жерлерін көрсету үшін қолданады. Көмірмен жасалынған жұмыстарды ұзақ мерзімде сақтау үшін оларды түрлі фиксативтермен бекітеді. Олар арнайы дүкендерде сатылады. Бірақ көп суретшілер бұл үшін шашқа арналған лакты қолданады. Шашқа арналған лак суреттің сапасына зиян келтірмейді, оның уатылуына жол бермейді және ұзақ мерзім сақталуына қолайлы жағдай туғызады.

Ертеде атақты суретшілер көмірмен картинаның бастапқы суретін салып, оны кенеп бетіне суреттің сызығы бойында шаншылып жасалған тесіктер арқылы көмірмен көшіруді қолданған. Тағы басқа суреттерде көркем кейіп іздеу барысында кеңінен қолданған. Әсіресе, атақты Леонардо да Винчи, Микеланджело Буонаротти, Рафаэль Санти және тағы басқада суретшілер бүгінгі күнге дейін кеңінен қолдануда.

Сангина да көмір тәріздес материал және ол да сурет саласында кеңінен қолданылады. Сангина күрең қызыл түстес, таяқша тәрізді етіп дайындалады. Табиғи сангинаға қарағанда жасанды сангинаны темір тотығы мен каолиннің қосындысынан жасайды. Ұшталған сангина жіңішке сызықтар мен штрихтарды түзеді. Сангинаны көмір сияқты көлденең жатқызып қолдануға болады.

Жазықтыққа жақсы жұғады және оны саусақпен немесе былғарының кішкене қиқымымен жаюға болады. Өшіргішпен жақсы өшіріледі. Сангинаны жұқалап ысатын болсақ ол түсін, өңін, фактурасын өзгертеді және оның бұл қасиеттерін қосымша көркемдеу тәсілі ретінде қолдануымызға болады. Сангинамен жұмыс істеу тәсілдері тылсым реңдік қатынастарды айыруға мүмкіндік береді. Адамның дене өңіне жақын түстес күреңдеу қызғыл



сангина кеңінен қолданылады. Жұмыс барысында сангинаны сулауға болады, ол штрихтың жалпақтығының әр-түрлі, тығыз болуына мүмкіндік береді. Сангинаны өз шығармашылықтарында Леонардо да Винчи, Микеланджело, Рафаэль, П.П.Рубенс, А. Ватто, Ж. О. Фрагонар, Ж.-Б. Шарден аса шеберлікпен қолдана білген.

Соус диаметрі 8-10 мм, күйе немесе көмір үгінділері желім қосылып, тығыздалған цилиндр пішінді майлы, қара немесе сұр түсті таяқшалар. Сызық, дақ немесе штрихпен және ысу арқылы жұмыс істеуге болады, бұны құрғақ соус техникасы деп атайды және дымқыл соус техникасы - суға ерітіп, қылқаламмен жұмыс істеу арқылы іске асады. Қылқаламмен жұмыс істеу сызықтан өндік қатынасқа кедергісіз көшу мүмкіндігін береді. Кейбірде соусты көмірмен, акварель, пастельмен араластыра отырыпта сурет салуға болады.




2. Нүкте, сызық және штрих

Нүкте, сызық және штрих бейнелеу өнерінде, әсіресе сурет салғанда ең негізгі тәсіл болып табылады.

Нүкте. Қандай сызық, сурет болмасын қағаз бетіне түскенде нүктеден басталады. Бір нүктені жай ғана қара дақ деп қабылдасақ, ал екі нүкте егер арасын қосатын болсақ бір сызықты немесе заттың қабырғасын түзейді. Егер жазықтықта бірнеше нүкте болып, оны бір-бірімен жалғастыратын болсақ, қандай да бір заттың жалпы формасын береді.

Сурет салғанда қолданылатын нүкте - тірек нүктесі. Осы тірек нүктелерінің




көмегі арқылы заттың бет-пішінін, құрылысын саламыз. Тірек нүктелері сонымен қатар долбар салғанда көп қолданылады.

Сызық қандай да бір заттың аумағын (формасын) бейнелейтін жиек шекарасын түзеді. Заттардың конструктивтік белортасымен көмекші сызығы да бола алады.


Сурет өнерінде бейнелеудің негізгі екі түрі бар: сызықтық бейнелеу және реңдік бейнелеу. Осының ішіндегі негізгісі – сызықтық бейнелеу. Себебі, реңдік бейнелеу (штрих қоюлығымен бейнелеу) сызықтық бейнелеуден кейін пайда болады.

Әр заманда сызықтық бейнелеудің керемет шеберлері болды. Олар атақты шетел суретшілері: Леонардо да Винчи, Рафаэль, Пабло Пикассо т.б. және қазақ халқының ұлы ғалымы Ш.Уәлиханов бір ғана сызықтық бейнелеумен бүкіл сурет болмысын, әдемі қимылды, көңіл-күй, философиялық ойды бере алатын еді.



Штрих. Сызық қандай да бір заттың шекарасын түзсе, штрих сол заттың жарық, көлеңкесінің қоюлығын беріп, оның формасын ашуға

қатынасады. Штрих көптеген қысқа сызықтардың жиынтығы. Оның бағыты бейнеленіп отырған заттың пішініне, оның бітімінің қандай екеніне және үлкен-кішілігіне байланысты. Сондықтан штрихтау заттың формасына қарай беріледі. Штрихтардың бірнеше түрлері бар: бір бағыттағы түзу штрихтар, керегекөз штрихтар, көлбеу, доға тәрізді штрихтар, т.б. Осының ішінде көп қолданылатыны - керегекөз штрихтар. Штрихтар сонымен бірге кеңістікті, тереңдікті беруге де қатынасады. Ең қою көлеңкені бір қабат штрихтың




қоюлығымен ала алмаймыз, сондықтан оны бірнеше қабат штрихтауға тура келеді. Әр қабатында штрихтардың бағытын сәл өзгертіп құбылтып отырамыз.

Штрихтаған кезде сызықтардың арасын бір-біріне жақын алған жөн. Көлемі кіші суреттерді немесе заттардың ұсақ бөліктерін қысқа штрихтармен саламыз. Ұзын штрихтарды көлемді суреттерді, ірі жазықтықтарды, көлеңкені бейнелегенде немесе долбар

суреттерді салғанда қолданамыз. Штрих көптеген қысқа сызықтардың

жиынтығынан тұрады. Штрихтау заттың пішініне, формасына қарай беріледі. Штрихтардың бірнеше түрлері бар, олар: бір бағыттағы түзу сызықтар арқылы штрихтау, көлбеу, тіке, көлденең, доға, кереге көз штрихтар. Штрих сызықтарының арасын бір-біріне жақын алған дұрыс. Көлемі кіші нәрсеге немесе бейнелейтін заттардың ұсақ бөлшектеріне қысқа штрихтарды пайдалану қажет. Ал ұзын штрихтар көлемді заттар мен үлкен жазықтарды бейнелегенде қолданылады. Аққа қарамен сурет сала отырып, тек форманы ғана емес, сонымен бірге заттардың алуан түрлі бояуын, олардың фактурасын беруге ұмтылу керек. Суретшідегі ең қара нәрсе – қарындаш немесе көмір, ең ақ нәрсе – қағаз.



3. Сурет салу сауаттылығы

Қарындашты үш саусақпен, олар: бас бармақ, сұқ саусақ, ортаңғы саусақтармен ұстауға тырысу керек. Қағазға көлеңке түспеу үшін қарындашты сәл алыстау ұстаған жөн.

Сурет салғанда қолды қағаз бетіне тигізбеуге тырысу керек. Егер қажеттік туса, қолды сүйемелдеу үшін аты жоқ саусақ және шынашақпен қағаз бетіне тіреу ретінде қолдануға болады. Сонда қол астындағы былғанбай, таза сақталады. Өшіргішті бұрыштан екіге бөлсе кішкентай сурет бөлшектерін өшірген кезде ыңғайлы болады. Суреттің өлшемдерін қағаз бетіне көшіру үшін визор әдісі қолданылады. Орындықтың арқасына арқаны тіреп, қолды нұсқа бағытында алға тік созып қарындаш бойына нұсқаның керекті бөлігін сәйкестіріп өлшемін саусақпен шектеп анықтаймыз. Бұл әдіс әсіресе пропорциялық қатынасты анықтау барысында көп қолданылады.


4. Адам басын салу әдістемесіне үлес қосқан ұлы тұлғалар туралы қысқаша шолу.

Адамның басын салудың, мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан жолдары бар. Бұған Пасха аралындағы бас мүсіндері, Мысырдағы адам бейнелері дәлел бола алады және осы көне туындылардың бойынан біз сол ежелгі дүниенің өзінде-ақ қалыптасып үлгерген басты бейнелеу канондарын байқаймыз. Әр заманда, сурет өнерін үйрену жолында көптеген атақты суретшілер ізденіс жұмыстарын жүргізген, адам басын салудың нақты әдіс-тәсілдерін қалыптастырып оны мұра етіп қалдырған. Поликлет өзінің «Пропорциялық заңдылық» еңбегін және адамның қимыл-қозғалысын, психологиясын көрсететін мүсіндердің арасындағы алғашқысы Дорифор мүсінін дүниеге әкелді.

Сонау ерте заманнан бері қарай талай өнер майталмандары сурет өнерінің

дамуына өз үлестерін қосты, әсіресе, Альберти, Леонардо да Винчи, Альбрехт Дюрер, Рафаэль, Микеланджело, кейінірек Ашбе, Кардовский, Чинино Чинини, Лосенко, Чистяков сурет өнерін бұрын-соңды болмаған биікке көтерді

5. “Гипстен мүсінделген адам басының конструктивті және рендік моделдеу.” «Гаттамелат»



Сабақ мақсаты: Гипс басты талдап конструкциялық тәсілмен құрылысын бейнелеуді жетілдіре түсу.

Білімдік: сурет салуға қажетті құрал-жабдықтармен танысу, оларды пайдалана білу; суретті қағаз бетінде орналастыру, жарық, көлеңкені көрсете білу;

Дамытушылық: жарық-көлеңке арқылы көлемін шығару; бас пішініне анатомиялық сараптама жүргізе білу.

Тәрбиелік: жұмысты тиянақты орындай білу.

Сабақтың қамтамасыздандырылуы

а) плакаттар, репродукциялар.

б) жабдықтар, құрал-саймандар, қажетті материалдар: 40x50 планшет, қарындаштар НВ;2В;Н;В, өшіргіш.

Пәнаралық байланыс: композиция.

Негізгі сұрақтар, тапсырма:

1. Гипс бастың композициясы мен конструкциясын анықтау.


2. Модельдің мінездік және бейнелік шешімін іздеу.

3. Қойылымды арнайы көлемдегі қағаз бетіне үйлестіре салу, яғни, композициясын орнықтыру.

Әдістемелік ұсыныстар: Антикалық мүсіндермен салыстырғанда римдік одан кейін қайта өрлеу өкілдерінің жеке алып қарайтын болсақ Донаттеланың «Гаттамелат» мүсінінде жеке тұлғаларға тән мінез-құлық, келбет ерекшеліктері кейіпкерлердің жан- дүниесіне үңілтеді.

Жалпы гипстен жасалған бас модельдері көшірмесін бейнелеуді тәжірибеге алу – өнер саласында оқып жүрген оқушылар үшін өте тиімді. Біріншіден – ол кеңістікте қозғалмайды және статикалық қалпын сақтайды. Екіншіден – мүсін көшірмесі гипс материалынан жасалғандықтан бірыңғай ақ түсті және рендік қатынасты анықтауға қолайлы.

Берілген сабақтың мақсаты: адам басының күрделі пішінін анатомиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар, жазықтықтарға бөле білу арқылы сараптай білу.



Өткен сабақтарда бастың құрылысын анатомиялық тұрғыдан қарастырып, бет-келбет пішінінің негіздері, олар қалай қалыптасқан және себеп ерекшеліктерін анықтап, әрбір кескіннің түп нұсқасын іздестірген болсақ, бұл жолы сол кескін, пішіндерді нақты кейіпкердің образының күрделі ерекшеліктерін, алдымызға жаңаша міндет, мақсаттар ретінде қоямыз.

Гаттамелат-деген кім? Эразмо да Нарни (Италия. Erasmo da Narni) лақап атымен Гаттамелата (Италия. Гаттамелата; 1370, Нарни-16 қаңтар 1443, Падуа) - итальяндық кондотиер.


Наубайшының ұлы. Әскери мансабын кондотьер Чекколо Бралья сарбаз болып бастады, кейінірек Браччо да Монтоне қызметіне ауысты. Ол Флоренцияның, Венецияның папалардың қызметінде болды. 1437 жылы Падуианың билеушісі болды. Ұлы суретші-мүсінші Донателло Гаттамелаттың әйгілі атты мүсінін жасады.

Гаттамелаттың басының гипс моделінің суретін салу барысындағы ең алдымен ескеретін жағдай, бұл - пропорциялық қатынастар, яғни, белгілі пропорциялық канондардан ауытқымау қажеттілігі және жазықтықтарға бөлінген пішіндердің көлемін анықтай білу, дұрыс орындалуына көз жеткізе білу. Бастың пропорциялық қатынастарын еске түсіре кететін болсақ, басты биігінен екіге бөлуге болады және бөлу сызығы көз деңгейі арқылы өтеді, немесе бетті үшке бөлуге болады: иектің астынан бастап мұрын түбіріне дейін, мұрын түбірінен бастап қас доғасына дейін, қас доғасынан шаштың түбіне дейін. Осы өлшем бірлігінің модулінің өлшемі ретінде мұрын биіктігін алуға болады. Мұрынның ені көздің енімен бірдей ал биіктігі құлақтың биіктігімен тең. Екі көз ортасының арақашықтығы мұрының немесе бір көздің еніне тең. Үстіңгі қабақпен үстіңгі ерін, астыңғыларға қарағанда ілгері

басының гипс моделін салмас бұрын, оның келбетінің айрықша орналасқан. (қырынан). Енді тәжірибелік жұмысқа көшейік.




Жалпы Гаттамелаттың ерекшеліктеріне көңіл бөлейік. Гаттамелаттың басының пішіні шомбалдау, бет бөліктері ірі, мұрыны, ауызы үлкен, еріндері етті, үстіңгі ерні астыңғы ерінге қарағанда жіңішкелеу. шықшыты шығыңқы, иегі төртбұрыш тәріздес, әсіресе, маңдайы кең. Қастың үстіңгі тұсы шодырайып, шығыңқы шабылған, бұдыр пішінді болып келеді, мұрының екі жақ қанаттары көлемді, тесіктері үлкен, мұрын ұшы салбыраңқы, үлкен пішінді. Қабақтары, шықшыт сүйегі, иегі шығыңқы және көлемді, көздері терең орналасқан, үстіңгі қабақтары көз алмасының сыртқы шетін сәл жауып қалыптасқан.



1). Ең алдымен суреттің жалпы композициялық шешімін табу қажет, ескеретін жағдай - сурет тым кішкентай немесе тым үлкен, бір шетке ығыспауын қадағалауды естен шығармаған абзал. Көкжиек деңгейіне байланысты кеңістіктегі орнын және бастың орта сызығын анықтаймыз. Негізгі өлшемдерін (бйіктігі мен енін) белгілеу арқылы негізгі пропорциялық қатынастарды анықтаймыз. Отырған орынға байланысты перспективаға көңіл бөлеміз. Жалпы отырған орнымызға байланысты бастың фронталь


жазықтықтарының профиль жазықтықтарына қатынасын және бастың гипс моделінің статикалық жағдайы еңкеш немесе шалқақ, бұрылып орналуын да анықтау қажет. Негізгі өлшемдермен жалпы суреттің алатын орны анықталған соң, кейбір маңызды тұстарын қарындашпен нақты етіп белгілеп қоямыз.



2). Суреттің екінші кезеңінде модельдің конструкциялық құрылысы үлкен формадан басталып оған жеке бөлшектерді үйлестіре орналастыру керек. Сурет салу кезінде бастың әр бөлігін бір-бірімен салыстыру әдісін қолданған жақсы нәтиже береді. Пропорциялық қатынастарды түсірейік. Пішін ерекшеліктеріне көңіл бөле отырып, суреттің тораптық құрылымын анықтаймыз және үлкен жазықтықтарға бөліп алып өзара шекараларымен пішіндерін анықтаймыз. Көздің өлшемі мұрынның еніне тең және

көздің арақашықтығы бір көздің өлшеміне тең. Мұрының өлшемі иектен мұрын астына дейін, мұрын астынан қасқа дейін қас деңгейінен шаштың түбіне дейін және құлақтың бйіктігіне тең. Шықшыт сүйктерінің асты, құлақтың асты және мұрын негізі бір деңгейде жатады. Көздердің шет жағында үстіңгі қабақ астыңғы қабақтың үстін жауып орналасады. Көз ұялары орташа тереңдікте және көздің дөңгелек бұлшық еттері анық байқалады. Жақтың бұлшық еттері

көлемді және жақ бұрышы доғал пішінді. Сурет салу барысында осы ерекшеліктерді әр-кез ескеріп отыру шарт. Суретті жалпы реңдік қатынасын шамамен анықтап қоямыз.



3) Келесі ретте бөлшектерге көңіл бөлеміз, пішін ерекшеліктерін анықтай түсеміз. Барлық бөлшектер біртұтас көлемге бағынышты екенін есте сақтаймыз. Бұл кезеңде беттің бөліктері, алатын орындары, өлшемқатынастары мен пішін ерекшеліктері нақтыланады.

Мұрынның кеңсірік сүйегі жалпы мұрынның ұзындығын алатын болсақ орта тұсына дейін болады. Мұрынның кеңсірік сүйегі аяқталып шеміршек бөлігі басталатын тұсы кеңірек болады. Мұрын ұшы кеңейіп, мұрын қанаттарына қарағанда төмен орналасады.

Жарық көзін анықтап, жалпы реңдік қатынастарға, жарық-көлеңкеге көңіл бөлеміз. Біртіндеп жарық, жартылай көлеңке, меншікті көлеңке, рефлекс және түскен көлеңкелердің локальдік орындарын белгілеп, реңдік күштерінің айырмашылығын көрсетеміз.



4) Жазықтықтардың пішінімен орындарын нақтылай түсеміз. Артық қосымша, көмекші сызықтар мен өзінің қызметін тәмәм еткен детальдарды алып тастаймыз. Жазықтықтарды бір-бірінен айыра білу үшін контрастты күшейту қажет. жарық көзі неғұрлым белсенді болса жарық пен көлеңке қатынасының кереғарлығы арта түседі. жарық көзі әлсіз болса, көлеңке де соғұрлым бәсең болады. Біздің жағдайда жарық көзі жасанды, электр софитінен түскен жарық. Сондықтан жарық қаншалықты анық болса

көлеңкелерде соншалықты қою болады. Көлеңке реңінің қоюлығы әсіресе жарық пен көлеңкенің шекарасында шоғырланады. Көлеңке жақтың шеткі тұсында шағылысқан жарық яғни рефлекс орын алады. Штрихтарымызды ұқыптап, жазықтықтар бағытына сай жүргізіп отырамыз. Реңдік модельдеу арқылы біртіндеп суреттің жалқы және жалпы тұстарын анықтап аламыз. Реңдік тұтастық пен пішіндер көлем бірлігін күшейтеміз. Суреттің нұсқаға ұқсастығын қадағалаймыз. Соңғы қорытынды сараптамадан өткіземіз, болмашы кателіктер кездесетін болса түзетеміз. Негізгі акценттер қойылып, көркемдік жағынан суретімізді аяқтаймыз.

Тапсырманы орындау кезеңдерінде студенттер өткен тақырыптардағы қойылған оқу талаптарын сабақтастырып жұмыс жүргізуді дағдыға айналдыра берулері керек. Суретті салудың бастапқы сәтінен бастап жұмыс сатыларының әр кезеңдерінің аяғына дейін көркем бейне студенттің жадында сақталған болса, онда ол алға қойған міндетті орындау мүмкіншілігіне және кемшіліктерді көру қабілетіне ие болады.



Оқушылардың жұмыстары



Бейнелеу өнері мұғалімі Мағзумов Дужан Нуроллович